




Жоғарғы оқу орындарына,
колледждерге

«Өскемен қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ 2017 жылдың 12 мамырында этнос жастары өкілдері арасында «Абай оқулары» қалалық байқауын өткізеді. Байқауға көркем сөз оқу және ән айту шеберлігін қатар игерген 18-30 жас аралығындағы этнос өкілдері қатыса алады. Конкурсақа қатысуға өтініштеріңізді **2017 жылдың 5 мамырына дейін** қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің (Пермитина, 29) 26-55-36 факсына немесе 577998@mail.ru электрондық поштаға жіберулеріңізді сұраймын. Ереже қоса берілген.

Өскемен қаласының
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы

А. Нурғалиев

Орынд. Ж. Жуматаева
тел. 577998



«Абай оқулары» қалалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі аймақтағы этнос жастары өкілдері арасында «Абай оқулары» қалалық байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: қазақ тілінің көркемдік ерекшелігін, бай сөз қорын, Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген этнос өкілдерінің ықыласын арттыру әрі еліміздің рухани бірлігін нығайту.

Байқау қазақ тілінде өтеді.

БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

- Байқауға көркемсөз оқу және ән айту шеберлігін қатар игерген **18-30 жас** аралығындағы этнос өкілдері қатыса алады.

Қалалық байқаудың өткізілетін уақыты: 12 мамыр 2017 жыл

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ:

1. Көркемсөз оқу шеберлігін айқындау:

а) Абай шығармаларын (білім, ғылым және өнер тақырыптарына өрілген поэзиялық шығармасын немесе қара сөзін) жатқа мәнерлеп оқу. Орындау уақыты 3-4 минуттан аспауы тиіс;

б) М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзіндіні көркем шеберлікпен жатқа орындау (3-4 минут).

2. Әншілік қабілетін таныту:

б) Халық әнін немесе Абайдың әндерін орындау (1 ән). Уақыты 3-5 минуттан аспауы тиіс.

Үміткерлер өнерін бағалау кезінде:

- көркем мәтінді талғау және оқу шеберлігіне;
- қазақ тілінде орфоэпиялық нормаларын сақтап сөйлеуіне;
- ән орындау шеберлігіне;
- сахналық өнер көрсету мәдениетіне және қазақтың ұлттық киім үлгісіне назар

аударылады.

Қалалық байқаудың жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Бұрынғы қалалық, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары биыл өткізілетін байқауға қатыстырылмайды. Қатысушылар қазақтың ұлттық киімінде өнер көрсетуге міндетті.

ЕСКЕРТУ: Қалалық байқаудың жеңімпаздары туралы мәліметтер **2017 жылғы 5 мамырға** дейін төмендегі үлгі бойынша Өскемен қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне жолдануы тиіс.

Қатысушының ТАӘ	Туған күні, айы, жылы	Оқу/жұмыс орны, курсы/лауазымы, ұлты	Орындайтын шығармасы	Байланыс телефондары

Өскемен қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

Мекенжайымыз: Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 29

Байланыс телефондары: 577998, факс 265536;

E-mail: 577998@mail.ru